



Күләш Байсейітова атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

**ПРОФЕССОРЛЫҚ-
ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН
ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
ЛАУАЗЫМДАРЫН
КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ**

ҚАҒИДАЛАРЫ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	1-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ереже	2
2	Конкурс туралы хабарландыру және құжаттарды қабылдау	2
3	Конкурстық комиссияның жұмысын ұйымдастыру	4
4	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің профессорлық-оқытушылық құрам мен Университеттің ғылыми қызметкерлері лауазымдарына конкурстық орналасуды өткізу тәртібі	5
5	Қосымша шарттар	7
6	Қорытынды ережелер	8
	1-қосымша	9
	2-қосымша	10
	3-қосымша	13
	4-қосымша	15
	5-қосымша	16

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	2-бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Осы Профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос және уақытша бос лауазымдарына конкурс өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі – Кодекс);
- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді;
- Кәсіптік стандарт: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессорлық-оқытушылық құрамы) арналған (бұдан әрі - Кәсіптік стандарт).

1.3 Профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос немесе уақытша бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) Университет нормативтік оқу жүктемесінің 50% - дан (елу пайызы) астамы есебіне сүйене отырып, Университетте сағат болған кезде бос және/немесе уақытша бос лауазымға өткізеді.

1.4 Бос немесе уақытша бос лауазымдардағы профессорлық-оқытушылар құрамы қатарындағы әрбір қызметкерге сағат саны профессор-оқытушылар құрамы қатарындағы қызметкердің 1,5 (бір бүтін оннан бес) мөлшерлемесінен аспайды.

1.5 Конкурсқа Кәсіби стандарт талаптарына сәйкес келетін тұлғалар жіберіледі.

2 КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	3-бет

2.1 Профессорлық-оқытушылық құрамының немесе ғылыми қызметкердің орны басаған жағдайда немесе бос лауазым болған кезде құрылымдық бөлімшенің басшысы бос лауазымның негізгі функционалдық міндеттерімен, кандидатқа қойылатын талаптармен, оның біліктілік деңгейімен, басқа да қосымша талаптарын (іскерлік және жеке қасиеттері, тілдерді білу деңгейі, компьютерлік технологияларды меңгеруі және т. б.) қосымша белгілеп, Университеттің мамандармен жұмыс жүргізу бөліміне (бұдан әрі – Бөлім) өтінім береді.

2.2 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінімді бөлім өңдейді және бос лауазымның болуы туралы ақпарат Университеттің <http://kaznui.edu.kz/> ресми сайтында www.enbek.kz/ электрондық еңбек биржасында құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын жарияланады.

2.3 Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген бос немесе уақытша бос лауазымы бар Университеттің атауы;

2) бос немесе уақытша бос лауазымның атауы;

3) Кәсіптік стандартпен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары;

4) конкурс өткізу туралы соңғы жарияланған хабарландырудан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін құжаттарды қабылдау мерзімі;

5) конкурсқа тапсыру үшін қажет құжаттар тізімі;

6) уақытша бос лауазымға конкурс өткізу жағдайында педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі.

2.4 Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидат хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш (1 қосымша);

2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Кәсіптік стандартпен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) кеуде қуысын флюорографиялық зерттеудің суретін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» №ҚРДСМ-175/2020 [бұйрығымен](#)

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	4-бет

(Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада № 21579 болып тіркелді) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

9) электрондық үкімет порталы арқылы алынған адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер;

10) электрондық үкімет порталынан алынған сотталмағандығы туралы анықтама;

11) электрондық үкімет порталынан алынған тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер.

2.5 Кандидат (болған жағдайда) өзінің біліміне, еңбек өтіліне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпараттарды ұсынады (біліктілікті арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми атақтар, ғылыми дәрежелер мен біліктілік дәрежелерін беру туралы құжаттар, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары). Еңбек өтілі мен біліктілікті растайтын құжаттар (болған жағдайда) мынадай мәліметтерді қамтитын портфолио түрінде ұсынылуы мүмкін:

- растайтын құжаттары бар шығармашылық жетістіктер тізімі (грамота, диплом, сертификат, афиша, концерт бағдарламалары, дискілер және т. б.);
- неғұрлым маңызды жұмыстардың көшірмелерімен жұмыс орны бойынша расталған ғылыми жұмыстардың тізімі;
- монографиялар, оқу құралдары және автордың жеке немесе бірлескен авторлығымен орындалған басқа да ғылыми және оқу-әдістемелік құралдар;
- біліктілікті арттыру туралы сертификаттар;
- алғыс хаттар, грамоталар.

2.6 Қағидаларының 2.4-тармағында көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылады.

3 КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру;
- 2) кандидаттар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 3) конкурстың объективтілігі мен ашықтығын сақтауына бақылау жасау;
- 4) конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;
- 5) конкурстық құжаттаманы талдау;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	5-бет

б) конкурс қорытындылары бойынша шешім қабылдау.

3.2 Конкурстық комиссиялар факультеттер бойынша мәлімделген бос/уақытша бос лауазымның бейініне қарай қалыптастырылады. Конкурстық комиссияның құрамына міндетті түрде кафедра меңгерушісі /меңгерушілері және тиісті факультеттің деканы кіреді.

3.3 Конкурстық комиссияның құрамына:

- оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор;
- ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор;
- факультет басшысы (декан);
- факультет кафедрасының меңгерушісі / меңгерушілері;
- құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы;
- қауіпсіздік қызметі бөлімінің біліктілігі жоғары деңгейдегі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша) маманы;
- қызметкерлердің өкілі («Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы).

3.4 Конкурстық комиссияның хатшысы болып Бөлімінің инспекторы (бұдан әрі – хатшы) тағайындалады. Хатшы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

3.5 Төрағаны, мүшелерді және хатшыны көрсете отырып, комиссияның дербес құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.6 Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

3.7 Конкурстық комиссия қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.

3.8 Конкурстық комиссияның құрамын өзгерту Университет ректорының шешімі бойынша тиісті бұйрыққа өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылады.

3.9 Конкурстық комиссияның отырысы аудио-бейне жазбамен жүргізіледі. Аудио-бейне жазба Университетте отырыс өткізілген күннен бастап 1 (бір) жыл мерзімге сақталады.

3.10 Конкурстық комиссияның отырысы оның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткен болып есептеледі және оның шешімі заңды күшке ие болады.

4. ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	6-бет

4.1 Кәсіптік стандартта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестікке кандидаттардың құжаттарын қабылдау аяқталғаннан кейін хатшы Бағалау парақтарында көрсетілген балдарды есептеуді жүзеге асырады (2, 3-қосымшалар).

4.2 Конкурс қорытындысы бойынша шешімді Бағалау парақтарына (2,3 қосымша) сәйкес балдар негізінде конкурстық комиссия қабылдайды. Ең жоғары балл жинаған кандидат конкурс жеңімпазы болып есептеледі және оған шешім қабылдау үшін 24 (жиырма төрт) сағат уақыт беріледі. Егер конкурс жеңімпазы шешім қабылдамаса немесе бас тартса, тағайындау құқығы келесі ең жоғары балл жинаған кандидатқа беріледі. Конкурс жеңімпазы Университет ректорына тағайындауға ұсынылады.

4.3 Кандидаттардың жинаған балдары тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізуді шешеді, оның қорытындысы бойынша тағайындауға ұсынылатын кандидат айқындалады.

4.4 Шешім қабылдау кезінде конкурстық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болады.

4.5 Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді, оған төраға, комиссия мүшелері және хатшы қол қояды. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссия мүшелерінің бірі өз пікірін білдіреді, ол комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

4.6 Конкурс нәтижелері туралы хабарлама конкурстық комиссияның хатшысы арқылы кандидаттың электрондық поштасына жіберіледі және өтінімде көрсетілген телефон нөмірі бойынша хабарланады.

4.7 Егер конкурсқа кандидаттардан өтінім түспесе немесе кандидаттар Кәсіптік стандартқа сәйкес келмесе, конкурс өткізілмеген болып есептеледі.

4.8 Конкурс нәтижелері конкурстық комиссияның соңғы отырысынан кейінгі жұмыс күнінде Университеттің ресми сайтында немесе әлеуметтік желідегі ресми аккаунттарында жарияланады.

4.9 Кандидаттарды конкурстық құжаттармен және конкурстық комиссияның шешімімен таныстырады.

4.10 Конкурс нәтижелерімен келіспеген жағдайда кандидат апелляция беруге құқылы. Конкурс нәтижелері бойынша апелляцияны Университетте кандидаттың жазбаша өтініші негізінде ректордың бұйрығымен құрылатын апелляциялық комиссия қарайды (4-қосымша).

4.11 Апелляциялық комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде айқындалатын тәртіппен шағым жасай алады.

4.12 Кәсіптік стандартта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін және конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен Университет еңбек шартын жасасады, содан кейін жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	7-бет

4.13 Конкурстан өтпеген кандидаттардың құжаттары Университетте 1 (бір) жыл мерзімге сақталады.

4.14 Университет негізгі жұмыс берушінің келісімі бойынша Кодекстің 1-бабының 56) тармақшасында айқындалған тәртіппен қосымша жұмыс атқарушыларды конкурстық жұмысқа қабылдайды.

5. ҚОСЫМША ШАРТТАР

5.1 Бос/уақытша бос лауазымға кандидат болмаған кезде оқу жылының басында бос сағаттар Университеттің құрылымдық бөлімшесінің (кафедрасының) профессорлық-оқытушылық құрамы қатарындағы қызметкерлер арасында бөлінеді және/немесе қосымша ұйымдастырылған конкурстың нәтижелеріне дейін оқытушы немесе қосымша жұмыс атқаратын оқытушы уақытша қабылданады.

5.2. Егер оқу жылы ішінде конкурста қаралғанмен бірдей бос орын пайда болса, Университет конкурс комиссиясы отырысының қорытындысы бойынша (оның келісімімен) тізімде келесіде тұрған кандидатпен еңбек шартын жасасуға құқылы. Мұндай жағдайда кандидат Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының және ғылыми қызметкерінің бос/уақытша бос лауазымына орналасуға конкурстан өткен болып есептеледі.

5.3 Оқу жылы ішінде профессорлық-оқытушылық құрамының ішінен 0,5 (нөл бүтін оннан бес) және одан көп қызметкердің мөлшерлемесіне сәйкес келетін бос сағаттар пайда болған жағдайда, Университет осы бос/уақытша бос лауазымға конкурс жариялайды.

5.4 Егер бос сағаттар саны профессорлық-оқытушылық құрамы мен қоса атқаратын оқытушылар қатарындағы қызметкерлер үшін айқындалған нормативтік оқу жүктемесінің 50%-(елу пайызынан) аспайтын болса, бос сағаттар кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы арасында бөлінеді.

5.5 Оқу жылының соңына дейін оқу жүктемесі 1,5 (бір бүтін оннан бес) мөлшерлемесі бар оқытушылар арасында профессорлық-оқытушылық құрамы қатарындағы қызметкердің нормативтік оқу жүктемесінің 25% (жиырма бес процент) аспайтын бос сағаттарды уақытша бөлуге жол беріледі.

5.6 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымында 1 (бір) мөлшерлемеге жұмыс істейтін профессорлық-оқытушылық құрамы қатарындағы қызметкерлерге нормативтік оқу жүктемесінің 50% (елу пайызы) аспайтын қосымша оқу жүктемесінің болуына жол беріледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	8-бет

6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Қағидалар бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

5.2 Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстарына сәйкес Ғылыми кеңес арқылы енгізілуі мүмкін.



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	9-бет

1-қосымша

**«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ
ректоры**
 / Кандидаттың тегі, аты, әкесі (бар болса),
 жеке сәйкестендіру нөмірі
 (бұдан әрі –ЖСН), лауазымы,
 жұмыс орны, нақты тұрғылықты
 жері, тіркелген мекенжайы,
 байланыс телефоны

Өтініш

Мені «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ, Астана қаласы, _____

бос/уақытша бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын.

Қазіргі кезде _____

(лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала \ ауыл) жұмыс істеймін.

Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын: Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандығы

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Педагогикалық	Мемлекеттік қызмет өтілі	Мамандығы бойынша (кәсіпкерлік субъектілерінің мамандары үшін)	Осы білім беру ұйымында, оның ішінде атқаратын лауазымында

Мынадай жұмыс нәтижелерім бар: _____

Марапаттары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса) _____

Қазақстан Республикасы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес менің дербес деректерімді дербес деректерді өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін кез келген заңды тәсілдермен (фото, бейне, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде пайдалану үшін) өңдеуге келісім беремін.

Мен келісемін _____

(Т.А.Ә. (бар болса)) (қолы)

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____ /қолы/

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	10-бет

2-қосымша

Профессорлық-оқытушылық құрам мен ғылыми қызметкерлер бос немесе уақытша бос лауазымына өтілі бар кандидаттың бағалау парағы

(Т.А.Ә. (бар болса))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Бал сандары
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Жоғары, маман - 1 бал Жоо кейінгі (магистратура) - 2 балл
2.	Ғылыми атағы/ дәрежесі/ құрметті атақтар мен мемлекеттік наградалар	Ғылыми дәреже / дәреже / құрметті атақ / мемлекеттік награда беру туралы құжат	PhD докторы - 15 бал Ғылым кандидаты, Ғылым докторы, бейіні бойынша доктор, құрметті атақтар мен мемлекеттік наградалардың иегері - 10 бал
3.	Ғылыми атағы	Ғылыми атақ беру туралы құжат	Қауымдастырылған профессор (доцент) – 10 бал Профессор – 15 бал
4.	Педагогикалық, ғылыми-педагогикалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет тәжірибесі	Еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат	2 жылдан кем – 1 бал 2 - 4 жылдары – 2 бал 4 - 7 жылдары – 3 бал 7 - 10 жылдары – 4 бал 10 жылдан аса – 5 бал
5.	Ғылыми жарияланымдар, зерттеу жұмыстары	Мақалалар, тезисте, монографиялар	"Eurasian Science and Arts" ҚазҰӨУ журналы - 5 бал Конференция жинақтарындағы мақалалар - 7 бал ЖАК, РГЗО - 8 бал ҒЖБССҚЕК - 10 бал Монография, оқу құралы (бірлескен авторлық) - 15 бал Scopus, Web of Science - 15 бал Монография, оқу құралы (жеке авторлық) - 20 бал
		- - пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық сертификаты, ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST;	Біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары-0,5 бал (әрқайсысы жеке)

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	3-нұсқа: 25.06.2025
		11-бет

6*.	Курстық дайындық	IELTS; TOEFL; DELF; GoetheZertifikat, "Python бағдарламалау негіздері", "Microsoft-пен жұмыс істеуге үйрету"бағдарламалары бойынша оқыту Курсер Халықаралық курстар: TEFL Cambridge "CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary) "TKT Teaching Knowledge Test" Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction) Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL) "TESOL" Certificate in teaching English for young learners International House Certificate in Teaching English as a Foreign Language (IHC) IHCYLT - International House Certificate In Teaching Young Learners and Teenagers Becoming a Better Teacher: Exploring Professional Development	
-----	------------------	--	--

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	12-бет

		Assessment for Learning: Formative Assessment in Science and Maths Teaching Online Teaching for Educators: Development and Delivery Educational Management Key Ideas in Mentoring Mathematics Teachers Курсы на платформе Coursera, Futute learn Teaching Mathematics with Technology Special Educational Needs "Developing expertise in teaching chemistry"	
	Барлығы:		

Ескерту:

* 6-тармақта біліктілікті арттыру ұйымдары соңғы 3 (үш) жылда іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген біліктілікті арттыру курстары ұйымдарының сертификаттары ескеріледі - 0,5 бал (әрқайсысы үшін жеке).

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	13-бет

3-қосымша

**Профессор-оқытушылар құрамының бос немесе уақытша бос лауазымына
өтілі бар кандидаттың бағалау парағы**

Т.А.Ә. (бар болса)

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл сандары
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Жоғары, маман - 1 балл Жоо кейінгі (магистратура) - 2 балл
2.	Ғылыми атағы/ дәрежесі/ құрметті атақтар мен мемлекеттік наградалар	Ғылыми дәреже / дәреже / құрметті атақ / мемлекеттік награда беру туралы құжат	PhD докторы - 15 балл Ғылым кандидаты, Ғылым докторы, бейіні бойынша доктор, құрметті атақтар мен мемлекеттік наградалардың иегері - 10 балл
3.	Ғылыми атағы	Ғылыми атақ беру туралы құжат	Қауымдастырылған профессор (доцент) – 10 балл Профессор – 15 балл
4.	Педагогикалық, кәсіби тәжірибе нәтижесі	Білімі туралы дипломның қосымшасы	«3» – 2 балл «4» – 3 балл «5» – 4 балл
5.	Оқу орны бойынша конкурстарға қатысу (ғылыми жобалар, шығармашылық және т. б.)	Қатысқаны туралы құжат	Әрбір қатысқаны үшін 1 балл, бірақ 4 балдан аспайды
	ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST; IELTS; TOEFL; DELF; Goethe Zertifikat сертификаттары, "Python бағдарламаның негіздері", "Microsoft-та жұмыс істеуге үйрету" бағдарламалары бойынша оқыту Халықаралық курстар: TEFL Cambridge	- - пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық сертификаты, ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST; IELTS; TOEFL; DELF; GoetheZertifikat, "Python бағдарламалау негіздері",	Біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары-0,5 бал (әрқайсысы жеке)

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	14-бет

6.	"CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) TKT "Teaching Knowledge Test"	"Microsoft-пен жұмыс істеуге үйрету"бағдарламалары бойынша оқыту Курсер	
	Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction)"		
	Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL)"TESOL"		
	Барлығы:		

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	15-бет

4-қосымша

Апелляциялық комиссия төрағасына

**«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ
 ұлттық өнер университеті» РММ**

Т.А.Ә (бар болса)

Өтініш

Конкурс өтетін орын _____.

Электрондық поштаның мекенжайы (толық), байланыс телефоны _____

_____ байланысты

(себеп-салдарды қысқаша баяндау, дәлел келтіру)

тағайындауға арналған конкурс нәтижелерін қайта қарауды сұраймын.

Күні _____

Қолы _____

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	16-бет

5-қосымша

Лауазымдыкка үміткер кандидаттарға қойылатын ең төменгі талаптар

Педагог лауазымдарына қойылатын ең төменгі талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленеді.

Үміткердің лауазымға қойылатын ең төменгі талаптарының болуы қажетті лауазымға тағайындалуға кепілдік бермейді.

КАФЕДРА МЕНГЕРУШІСІ

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;
 ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі 5 (бес) жылдан кем емес;
 ғылыми, әдістемелік және басқару жұмысының тәжірибесі;
 мемлекеттік және орыс тілдерін меңгеру;
 сандық платформаларды басқару дағдылары мен білімі.

Ұсынылады:

ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және/ немесе PhD философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесі/ профессор, қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы / құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік награда / Қазақстан Республикасының ведомстволық наградасы.

ПРОФЕССОР

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық докторантура), жоғары білім – маман;

ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі 5 (бес) жылдан кем емес;
 мемлекеттік және орыс тілдерін меңгеру;

«ғылым кандидаты», «ғылым докторы» ғылыми дәрежесі; «философия докторы (PhD) /бейіні бойынша доктор» дәрежесі/ өнер, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік наградасы және ғылыми атағы;

ҒЖБССҚЕК тізбесінен ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі) жарияланымның және шетелдік ғылыми журналда 2 (екі) жарияланымның болуы;

- және (немесе) оларға теңестірілген кемінде 4 (төрт) шығармашылық еңбек (жеке концерт, шеберлік сағаттары, біліктілікті арттыру бойынша дәрістер, жеке көрме (әрбір көрмеде алдыңғыға қарағанда кемінде 50% жаңа жұмыс болуы тиіс), кураторлық жоба, конкурстық шығарма (сынмен және наградалармен белгіленген), сценарий / қою, кино түсіру (режиссер, сценарист, оператор, қоюшы-суретші, продюсер), уәкілетті орган бекіткен біліктілікті арттыру курстарының дәрістері;

- Университеттің «Eurasia Science&Arts» ғылыми журналында кемінде 2 (екі) жарияланым;

- кемінде 4 (төрт) халықаралық конференцияға қатысу;

- халықаралық конкурстардың/фестивальдердің қазылар алқасына мүшелік және / немесе білім алушылардың шығармашылық жетістіктері-халықаралық және республикалық конкурстардың кемінде 3 (үш) лауреатын даярлау;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	17-бет

- немесе сараптамалық топтарға қатысу, бейіні бойынша кандидаттық, докторлық диссертацияларды (PhD), ғылыми журналдарды рецензиялау.

ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ)

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық докторантура), жоғары білім – маман;

ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі 5 (бес) жылдан кем емес;

мемлекеттік және орыс тілдерін меңгеру;

«ғылым кандидаты», «ғылым докторы» ғылыми дәрежесі; «философия докторы (PhD) /бейіні бойынша доктор» дәрежесі/ өнер, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті атақ және (немесе) мемлекеттік награда;

ҒБССҚЕК тізбесінен рейтингтік ғылыми журналдарда кемінде 1 (бір) жарияланымның және шетелдік ғылыми журналда 1 (бір) жарияланымның болуы;

- және (немесе) оларға теңестірілген кемінде 2 (екі) шығармашылық еңбек (жеке концерт, шеберлік сағаттары, біліктілікті арттыру бойынша дәрістер, жеке көрме (әрбір көрмеде алдыңғыға қарағанда кемінде 50% жаңа жұмыс болуы тиіс), кураторлық жоба, конкурстық шығарма (сынмен және наградалармен белгіленген), сценарий / қою, кино түсіру (режиссер, сценарист, оператор, қоюшы-суретші, продюсер), уәкілетті орган бекіткен біліктілікті арттыру курстарының дәрістері;

- Университеттің «Eurasia Science&Arts» ғылыми журналында кемінде 1 (бір) жарияланым;

- кемінде 3 (үш) халықаралық конференцияға қатысу;

- халықаралық конкурстардың/фестивальдердің қазылар алқасына мүшелік және / немесе білім алушылардың шығармашылық жетістіктері-халықаралық және республикалық конкурстардың кемінде 2 (екі) лауреатын даярлау;

- немесе сараптамалық топтарға қатысу, бейіні бойынша кандидаттық, докторлық диссертацияларға (PhD), ғылыми журналдардың мақалаларына рецензиялау.

АҒА ОҚЫТУШЫ

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура), жоғары білім – маман;

оқытушы лауазымында кемінде 3 (үш) жыл немесе мамандығы (қызмет бейіні) бойынша практикалық жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл;

мемлекеттік және орыс тілдерін меңгерген.

ОҚЫТУШЫ

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура), жоғары білім – маман.

мемлекеттік және орыс тілдерін меңгерген.

ОҚЫТУШЫ-ПРАКТИК

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура), маман.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	3-нұсқа: 25.06.2025
	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ АУЫСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	18-бет

Педагогикалық қызметті жүзеге асыратын және (немесе) соңғы 10 (он) жыл ішінде кадрлар даярлау бағыты бойынша кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілі бар оқытылатын пәндер бейіні бойынша практикалық кәсіптік қызмет саласындағы негізгі жұмыс орны бойынша жұмыс істейтін тұлғалар.

мемлекеттік және орыс тілдерін меңгерген.

